




БУДДА МҮСІНДЕРІ ЖӘНЕ ХРАМДАРЫ

БУДДАНЫҢ МҮСІНДЕРІН КӨПТЕГЕН ЕЛДЕН КЕЗДЕСТІРУГЕ БОЛАДЫ. АЛАЙДА ЕҢ ҮЛКЕНІ ҚЫТАЙДА, СЫЧУАНЬ ПРОВИНЦИЯСЫНЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН. ОЛ ТАУДЫҢ ОРТАСЫНАН ОЙЫЛЫҒАН. БІР ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ ЖАСАЛҒАН МҮСІН ТЕК 713 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ДАЙЫН БОЛДЫ. МҮСІН АВТОРЛАРЫ ТАУДЫҢ МАҢЫНДАҒЫ ТУЛАҒАН СУЛАРДЫ БУДДАНЫҢ КЕЙПІ ТЫНЫШТАНДЫРАДЫ ДЕП ҮМІТТЕНГЕН.



- Бұл туынды 1000 жыл бойына әлемдегі ең биік мүсін болып саналды. Оның құрылысы Тан династиясының бастамасымен 713 жылы басталып, 90 жылға созылған. Алып ескерткіштің биіктігі 71 метрге жетеді. Ал мүсіннің басы – 15 метр, жауырларының аралығы – шамамен 30 метр. Майтрей Буддасының тас мүсіні ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасына енген.



- Жапаон елінде Kotoku-in ғибадатханасының маңында орналасқан Камакура деген Үлкен Будда мүсіні. Оған орман ішіндегі жалғыз аяқ жол апарады, кейбір жерлерінде биік өрлері мен түсетін жерлері бар (мұқият жапондықтар арнайы баспалдақ орналастырып қойған екен). Мүсінді көру үшін 300 теңгеге жуық ақша төлейсіз, ал арзан бағаға ішіне де кіруге болады. Үлкен Будда биіктігі – 11 м-ге жуық, салмағы 125 тонна және ол қоладан жасалған. Мүсінді XIII ғасырда жапондық бір тайпаның күштілігін білдіру мақсатында тұрғызған екен



- **Көктем**
Ғибадатханасының
Буддасы (153 метр)
- Бұл әлемдегі ең үлкен және ең биік мүсін. Ескерткіштің жалпы биіктігі 153 метрді құрайды. Мүсіннің құрылысы террористердің Ауғанстандағы Бамиян Буддаларын жарып жібергеннен кейін басталған. Құрылыс жұмысы 2008 жылы бітті.



- **Мьянмадағы Laykyun Setkyar (130 метр)**
- Бұл мүсін биіктігі жағынан әлемдегі екіншісі. Ол орталық Мьянмадағы Каунг дөңіне құрастырылған. Оның аяқ жағында Будданың әлемдегі ең үлкен жантайған мүсіні орналасқан. Жантайған Будда 1991 жылы салынды, ал биік Laykyun Setkyar 2008 жылы.

- **Жапониядағы Ушику Дайбутсу мүсіні (120 метр)**
- Ушику Дайбутсу мүсіні Амитабх Буддасына арналған және Жапонияның Ушику қаласында орналасқан. Ол 1995 жылы құрастырылған. Бұл әлем бойынша биіктігі жағынан үштікке кіретін мүсін, ескерткіштің жалпы биіктігі 120 метрді құрайды. Мүсіннің ішіндегі л





- Бұл мүсінше, шынында да, Анурадхапурада орналасқан, осы күні де бәз қалпы сол орнында тұр. Рас, ол нефриттен емес, граниттен жасалған; жоғарыда аталған асыл бұйымдар да жоқ. Ал суреттеу қапысыз, дәл. Оның сабырлылығы мен өзін-өзі маңғаз ұстауын айтып жеткізуге, расында да, сөз жетпейді: «Махавамсаның» (бұл жазба да V ғасырға жатады)

- Анурадхапурадағы отырған **Будданың** тастан жасалған әйгілі алып мүсіні осы тектес туындылардың бірден-бір куәлігі. Ол туралы жылнамалар, көне жазбалар мен будцалық табынушылар әңгімелері баяндайды. Ең ертедегі куәлік қытайлық табынушы фа Сяньдікі. Ол былай деп жазады: «Пагодаға жақын жерде (Анурадхапураның солтүстігінде) «Қорқыныш жоқ тау» деп аталатын (Абхаягири) монастырь салынды; мұнда қазір бес мың монах тұрады. Мұнда алтынмен, күміспен, асыл тастармен безендірілген Будда залы бар, зал ішіндегі жасыл нефриттен жасалған, биіктігі елу футтай, жеті құнды қазынамен жарқыраған мүсіні асқан сабырлы кейпімен өзін маңғаз

ГАУТАМА БУДДА

- Будданың мүсіні. Б. з. д. 4 ғасыр
- Аты Сиддхартха Гаутама
Буддизмнің негіздеуші
- Туылуы б. з. д. 563 жыл немесе б. з. д. 623 жыл Лумбини, бүгін Непалда
- Өлімі б. з. д. 483 жыл немесе б. з. д. 543 жыл Кушинагар, бүгін Үндістанда (80 жылы)



• Нидерланддық ғалымдар XI-XII ғасырларға жататын будда мүсінінің ішінен сопының мумиясын тапты.

- Дренте (Ассен) тарихи мұражайының қызметкерлері Амерсфорт қаласындағы бас ауруханамен бірлесе жұмыс істеді. Дәрігерлер мүсіншені компьютерлік томографиямен тексеру барысында оның ішінен бальзамдалған адам мүрдесі табылды. Буддолог Эрик Брейннің пікірінше, дене чань-буддизм мектебінің өкілі шебер Люцюанға тиесілі. Мүрденің құрсақ және төс қуысын тексерген амерсфорттық гастроэнтеролог оның ішкі ағзаларының орнына қытай қарпімен жазба бар қағаз салынғаны және қоқыстармен толтырылғанын анықтады. Осылайша оны қатырмас бұрын ішкі ағзаларын алып тастаған. Көптеген буддистер Люцюан гуру өлмегеніне, оның медитацияның биік дәрежесіне ауысқанына сенімді. Қытай қарпімен жазылған мәтін Люцюан туралы монографияға енгізіледі. Университет оны басып шығаруға әзірлік үстінде. Мумиямен мүсін Будапештке жеткізілді, ол Венгрияның Тарих мұражайында



КЕЛЕСІ ТОПТАРҒА СӘТТІЛІК

:)